

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

10.03.2021 №

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 9

город Алматы

**Алматы қаласында
коронавирустық инфекция ауруының
алдын алу жөніндегі
іс-шараларды күшейту туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бүйрекіне, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 және № 68, 2021 жылғы 26 ақпандығы №7, 2021 жылғы 27 ақпандығы №9, 2021 жылғы 05 наурыздағы №10 қаулыларына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар қамтамасыз етсін:

1) ойын-сауық іс-шараларын, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

2) «Наурыз» және басқа да мерекелік ұжымдық іс-шараларды жаппай тойлауды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салуды;

3) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес эпидемиологиялық жағдайды бағалау матриңасының қызыл аймағы өлшемшарттары негізінде Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілеріне шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруды;

4) қызметі жаңартылмаған объектілерге: боулинг-орталықтарға, компьютерлік клубтарға («Ashyq» пилоттық жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда), билльярд, караоке, батуттар, түнгі клубтар, букмекерлік кеңселер, лото және ойын клубтары, жабық үй-жайлардағы ойын аландары мен аттракциондарға, оның іншінде спорт объектілерінде орналасқандарды қоспағанда, мұз және роликті мұз айдындарына баруға тыйым салуды;

5) «Ashyq» пилоттық жобасына қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін App Store және Play Market-тен жүктеу үшін қолжетімді «Ashyq» мобиЛЬДІ қосымшасын пайдалану қажет; келушіде смартфон болмаган немесе осы мобиЛЬДІ қосымшаны жүктеу кезінде қындықтар туындаған жағдайда жауапты тұлға-мекеме қызметкөрі қосымшада ЖСН енгізу арқылы келушінің кіруін тіркеуге құқылы;

6) қоғамдық орындарға (оның ішінде қалалық қоғамдық көліктे жол жүру кезінде) және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда) маска кию, қашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтауды;

7) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне тыйым салуды;

8) Ұлттық құрамалар, клубтық командалар үшін спорттық жаттығуларға рұқсат беруді (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру);

9) қоғамдық көлікке, таксиге, метроға, әуежайларға, т/ж және авто - вокзалдарға, аула балалар аландарына, азық - түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өндіріс жүргізуі;

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектеумен қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беруді;

11) жеке және ұйымдастырылған топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумактарда (мемлекеттік, ұлттық табиғи парктерде, қорықтарда, резерваттарда және басқаларда) 15 адамнан аспай, маска режимін және 1,5 метрден кем емес қашықтықты сақтай отырып болуға рұқсат беруді;

12) кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізуге тыйым салуды;

13) «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

14) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығының қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

15) COVID-19 -ға ПТР тексеріп-зерттеу нәтижесі болған кезде, қүшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған және бір мезгілде 30 адамнан аспай жиналған жағдайда, қалалық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беруді;

16) коронавирустық инфекцияның жеңіл және орташа нысандарымен ауыратын науқастарды міндепті түрде емдеуге жатқызуды, үй карантинің сақтау үшін жағдайлар болмаған кезде симптомсыз нысандарды емдеуге жатқызуды;

17) КР БМСД №67 қаулысының 46-қосымшасының талаптарын сақтай отырып, білім беру объектілеріндегі қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беруді;

18) Тұрғын үй саясаты және қалалық мобильділік басқармасы коронавирустық инфекцияның белсенді ошақтары бар үйлердегі аулалық және кварталаралық балалар өйін алаңдарын, кіреберістер мен лифтілерді, соңғы аялдамаға әрбір кіреберісте қоғамдық көлікті күнделікті дезинфекциялауды қамтамасыз етсін;

19) Дезинфекция орталығы ошақтарда қорытынды дезинфекция жүргізу кезінде лифтілерді, баспалдақ алаңдарын, лифтіден лифтіге дейін кіреберістен шығуға дейінгі маршрутарды қамти отырып, 1 рет дезинфекциялауды қамтамасыз етсін; лифтілер болмаған кезде - баспалдақ алаңдары мен КВИ-мен ауыратын науқастың пәтерінен кіреберіске шығуға дейінгі маршруттар;

20) Сауда кәсіпорындары қауымдастырының ұсынысына сәйкес ауданы 1000 ш. м. астам сауда объектілеріне (COCO, CY, сауда желілері, базарлар) өз объектілерінде келушілердің әлеуметтік қашықтық пен маска

режимін сақтауын тұрақты бақылау үшін санитариялық патрульдерді қалыптастыру ұсынылсын;

21) мемлекеттік органдардың қызметкерлерін (әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің, мониторингтік топтардың мүшелерін, прокуратураның, полицияның, Алматы қаласы ТЖД мен аудандық бөлімшелердің, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, ұлттық қауіпсіздіктің, соттардың, санитариялық - эпидемиологиялық қызметтің, әлеуметтік қоргаудың), сондай-ақ волонтерлерді (әкімдіктердің ұсынған тізімдеріне сәйкес), мәйітхана және сот-медициналық сараптама қызметкерлерін ай сайын 1 рет профилактикалық мақсатта зертханалық тексеруді қамтамасыз ету.

2. Алматы қаласының әкімдігіне, Алматы қаласының Қесіпкерлер палатасына (келісім бойынша), Алматы қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармаларының басшыларына қамтамасыз етсін:

1) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік актісі негізінде жаңадан ашылатын объектілердің қызметін қайта бастауды;

2) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін санитариялық нормаларға сәйкестік актісін объектіге кіре берісте көрінетін жерге орналастыруды;

3) халықты, жеке және занды тұлғаларды шектеу іс-шараларын енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтының жұмысы істейтіндігі туралы ақпараттандыруды;

4) кесіпкерлер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің бұзушылықтарын жою үшін уақтылы шаралар қабылдау мақсатында Алматы қаласында ақпараттық сайтты шектеу іс-шаралары режимін бұзыу фактілері мен шағымдарын орналастыру үшін пайдалануды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 13 наурызда күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекши

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
10 наурыздагы № 9 қаулысына
1-қосымша

**Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу
олшемшарттары**

№	Объектілер / салалар	Қызыл аймақ
1.	Өнеркәсіп, көлік және құрылым объектілері (қызметкерлерді жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру үсіншілдік)	+ тұрмыстық үй-жайларда байланыстарды болдырмау шартымен
2.	Әуе қатынасы	рейстер санын қысқарту
3.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобилдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жондеу, тігін ательєсі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қафидаты бойынша қызметтер және т. б.)	+
4.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+
5.	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
6.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
7.	Мұражайлар, кітапханалар, зоологиялық саябақ	+
8.	Азық-тұлік дүкендері, шағын маркеттер	+
9.	Азық-тұлік емес дүкендер (жеке тұрған)	+
10.	Балалар түзету кабинеттері, балалар және ересектерге арналған білім беру орталықтары	топты толтыру кезіндес 15 адамнан артық емес, алдын ала жазылу бойынша
11.	Сүлүлық орталықтары мен салондары, шаштараздар, барбер-шоп, маникюр және педикюр қызметтері, косметикалық қызмет көрсететін (жазба бойынша)	алдын ала жазылу бойынша
12.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	уақыт бойынша шектеулер сағат 06.00-ден 02.00-ге дейін.
13.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, санаторий-курорттық	Толтырылуы 80%-дан артық емес

	Ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	
14.	Ашық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес)	жексенбіден басқа
15.	Жабық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес)	сенбі, жексенбіден басқа
16.	Қоғамдық тамақтану обьектілері және фудкорт (СОКО жмен СҮ-ден тыс жерлерге жеткізу және шыгару үшін ғана)	уақыт бойынша шектеулер сағат 10.00-ден 24.00-ге дейін.
17.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазба бойынша)	алдын ала жазылу бойынша
18.	Қоғамдық көлік	карбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, толтырылуы отыратын орындар бойынша
19.	Банктер, ХҚҚО, "Қазпочта" АҚ бөлімшелері»	уақыт бойынша 9.00-18.00-ге дейін шектеумен
20.	Мектепке дейінгі мекемелер	кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сактаған кезде
21.	технологиялық процесс кызметкерлердің жұмыс орнында болуын қажет ететін өнеркәсіптік, құрылымыс және өзге де ұйымдарды және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен обьектілер	80% - қашықтагы режим; 20% - күндізгі режим;
22.	Діни обьектілер	Ұжымдық іс-шараларды өткізбей
23.	Қоғамдық тамақтану обьектілері (үй-жайда)	толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орнинан асырмай сағат 9-ден 20-ке дейін жұмыс істеуге рұқсат
24.	Отыратын орны жоқ қоғамдық тамақтану обьектілері (стационарлық емес, жылжымалы)	+
25.	Қоғамдық моншалар	+
26.	Саunalар, СПА-орталықтар, бассейндер	«Ashyq» бағдарламасына катысушыларға алдын ала жазылу бойынша (сенбі, жексенбіден басқа күндері) рұқсат етіледі
27.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысы)	жалпы вагондарсыз
28.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
29.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шагын автобустардың) қозғалысы	-
30.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар	сенбі, жексенбіден басқа
31.	СОКО, сауда үйлері, сауда желілері	сенбі, жексенбіден басқа
32.	Мәдениет обьектілері (дайындық)	-
33.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	-
34.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	-
35.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	-
36.	Бильярд клубтары	«Ashyq» пилоттық жобасын

		іске асыруға қатысатын объектілерді қоспаганда
37.	«Ashyq» пилоттық жобасын іске асыруға қатысатын объектілерді қоспаганда, компьютерлік клубтар, боулинг	—
38.	Цирктер	—
39.	Балалар ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), оның ішінде СОСО, СҮ орналасқан	—
40.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	—
41.	Көрермендерсіз спорттық іс-шаралар откізу	(Қатысуышыларды COVID-19-ға міндетті ПТР-зерттеу)
42.	Еске алу өткізу	—
43.	Банкет залдары, тұнгі, ойын және лото клубтары, караоке	—
44.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	—

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«-» - қызметіне тыйым салынған».